

**«Астана» халықаралық  
қаржы орталығы**



**Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Мемлекеттік кірістер комитеті**

2018 жылғы «29»06  
№ 62  
Астана қаласы

2018 жылғы «02» 07  
№ 290  
Астана қаласы

## **БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ**

### **№ 3 Арнайы ережені бекіту туралы**

«Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Конституциялық заңының 6-бабының 9-тармағына сәйкес және «Астана» халықаралық қаржы орталығы Басқарушысының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 48 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Төрағасының 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 596 бірлескен бұйрығымен бекітілген Салықтық әкімшілендіру және мемлекеттік кірістер органдарының «Астана» халықаралық қаржы орталығының органдары және қатысушыларымен салық салу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл қағидаларының 12-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған № 3 Арнайы ереже («Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушыларына арналған корпоративтік табыс салығы мен қосымша құн салығы бойынша салық есептілігінің нысандары және оларды әзірлеу тәртібі жөніндегі арнайы ереже) бекітілсін.

2. Осы бірлескен бұйрық оған қол қойылған және «Астана» халықаралық қаржы орталығының сайтында орналастырылған күннен бастап күшіне енеді және 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады.

«Астана» халықаралық қаржы  
орталығы Басқарушысының  
2018 жылғы «29» 06 № 62  
және Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Мемлекеттік кірістер комитеті  
Төрағасының  
2018 жылғы «02» 07 № 290  
бірлескен бұйрығына  
қосымша

### **№ 3 Арнайы ереже**

**(«Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушыларына  
арналған корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығы  
бойынша салық есептілігінің нысандары және оларды әзірлеу тәртібі  
жөніндегі арнайы ереже)**

1. Осы № 2 Арнайы ереже («Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушыларына арналған корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығы бойынша салық есептілігінің нысандары және оларды әзірлеу тәртібі жөніндегі арнайы ереже) «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық заң) 6-бабы 9-тармағына сәйкес және «Астана» халықаралық қаржы орталығы Басқарушысының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 48 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Төрағасының 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 596 бірлескен бұйрығымен бекітілген Салықтық әкімшілендіру және мемлекеттік кіріс органдарының «Астана» халықаралық қаржы орталығының органдары және қатысушыларымен салық салу мәселелері бойынша өзара іс-қимылы қағидаларының (бұдан әрі – Салықтық әкімшілендіру қағидалары) 12-тармағына сәйкес әзірленген және «Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушыларына арналған корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығы бойынша салық есептілігінің нысандарын және оларды әзірлеу тәртібін бекітеді.

2. Осы № 3 Арнайы ережеде пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер олар Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі), Салықтық әкімшілендіру қағидаларында және «Астана» халықаралық қаржы орталығы Басқарушысының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 33, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 11 желтоқсандағы № 711 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 405 бірлескен бұйрығымен бекітілген «Астана» халықаралық қаржы

орталығы қатысушыларының корпоративтік табыс салығынан босатылуға жататын және салық салуға жататын кірістердің, сондай-ақ шегерімге жатқызылатын шығыстардың бөлек есебін жүргізуі қағидаларында қандай мағынада пайдаланылса, сол мағынада қолданылады.

3. Орталықтың салық төлеушілері болып табылмайтын Орталықтың қатысушылары корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығы бойынша салық есептілігін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бекітілген нысандар мен тәртіпте әзірлейді.

4. Орталықтың салық төлеушілері болып табылатын Орталықтың қатысушылары корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығы бойынша салық есептілігін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бекітілген нысандар мен тәртіпте әзірлейді.